

Лебяжі ауданының шақыру учаскесінде 1992 жылы туған азаматтарды тізімге алуды жүргізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімиятының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 37 шешімі. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қаңтарда N 84 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімінің 2009.12.31 N 83 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімінің 2009.12.31 N 83 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 - II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бабы 13 тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндет және әскери қызмет туралы" N 74-III Заңының 17 бабына сәйкес **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Й М Ы Н :**

1. 2009 жылдың қаңтар-наурыз аралығында 1992 жылы туған азаматтарды Лебяжі ауданының шақыру учаскесіне тізімге алу кестеге сәйкес жүргізілсін (N 1 қ о с ы м ш а) .

2. Лебяжі ауданы аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын 1992 жылы туған барлық азаматтар, сондай-ақ бұрын тізімге алынбаған ересектер тізімге а л ы н с ы н .

3. Мекемелердің, ұйымдардың, оқу орындарының басшылары Лебяжі ауданының шақыру учаскесіне тізімге алынатын азаматтардың уақтылы келуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Аудандық аурухананың бас дәрігері (келісім бойынша):
N 2 қосымшаның кестесіне сәйкес зертханалық және рентгенологиялық тексеруді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

ауданның емдеу мекемелеріне қосымша тексерілуге бағытталған азаматтарды қысқа мерзім ішінде тексеруден өткізсін;
анықталған сырқат жастарды емдеу - алдын алу мекемелеріне бекітсін, мерзімді әскери қызметке шақыруға дейін олардың сауықтырылуын қамтамасыз е т с і н ;

Лебяжі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне селолық дәрігерлік амбулаториялардың аға дәрігерлерінің келуін және амбулаториялық кітапшаларын ұсынуын қамтамасыз етсін.

5. Селолық дәрігерлік амбулаторияның аға дәрігерлері тізімге алу

басталуымен жастар арасында емдеу-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырсын және емделуді қажет ететін жастарды жасөспірімдер кабинеттеріне жеке есепке а л с ы н .

6. Селолық округ әкімдері шақыру учаскелеріне шақырушыларды уақытында жеткізуді және ақпараттандыруды дербес бақылауға алсын, олардың ауданның тізімге алу жөнінде комиссиясының тексеруінен өтуін ұйымдастырсын, селолық округ әкімдерінің аппаратындағы мамандарға жастармен бірге бару т а п с ы р ы л с ы н .

7. Аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша) азаматтарды тізімге алу кезінде шақыру пунктінде кезекшілікті ұйымдастырсын және 1 адамнан құралған ж а с а қ б ө л і н с і н .

8. Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 2009 жылдың қаңтарынан наурыз айына дейін тізімге алу кезеңінде жұмыссыздар қатарынан 4 адамнан тұратын техникалық персонал бөлінсін.

9. Ауданның экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі тізімге алуды ұйымдастыру және сапалы өткізу үшін қаржыландыру жоспарына сәйкес қаржының бөлінуін қамтамасыз етсін.

10. Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуіндегі тізілімінде 2008 жылғы 21 қаңтардағы N 12-9-66 болып тіркелген, 2008 жылғы 16 ақпанда аудандық "Аққу үні" газетінің N 7 (7245) санында жарияланған аудан әкімінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы "1991 жылы туған азаматтарды Лебязжі ауданының шақыру учаскесіне тізімге алуды жүргізу туралы" N 14 шешімінің кү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

11. Бұл шешім ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л с і н .

12. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Ө.Сағандықовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Әпсалықов

Келісілді:

А у д а н д ы қ і ш к і і с т е р
бөлімінің бастығы А. Құдайбергенов

18 желтоқсан 2008 жыл

А у д а н д ы қ б і л і м б ө л і м і
бастығының міндетін атқарушы Д. Кобайдарова

18 желтоқсан 2008 жыл

Қ о р ғ а н ы с і с т е р ж ө н і н д е г і
бөлімінің бастығы, майор Н. Науразбеков

18 желтоқсан 2008 жыл

Аудандық аурухананың
бас дәрігері А. Сыздықов

18 желтоқсан 2008 жыл

Аудан әкімдігінің
2008 жылғы желтоқсандағы
"Лебяжі ауданының шақыру
учаскесінде 1992 жылы туған
азаматтарды тізімге алуды
жүргізу туралы" N 37 шешіміне
1 қосымша

2009 жылдың қаңтар айынан наурыз айына дейін Лебяжі ауданының шақыру учаскесіне тізімге алынатын 1992 жылы туған азаматтардың келуі, тізімге алынуы жөніндегі комиссияның жұмыс кестесі

N р/ н	Селолық округтерінің атаулары	азаматтардың саны	Шақыру учаскелеріне келу мерзімі											
			19. 01 200 9 ж	20. 01 200 9ж.	21. 01. 2009 ж	22. 01. 200 9 ж	23. 01. 2009 ж	26.01 . 200 9 ж	27.01. 200 9ж	28. 01. 200 9ж	29. 01. 200 9ж	30. 01. 200 9	28. 01. 200 9ж	
1	Лебяжі	32	30											
2	Шақа	16		16										
3	Майқарағай	21			21									
4	Малыбай	13				13								
5	Қазы	5					5							
6	Баймолдин	6						6						
7	Ямышев	21							21					
8	Қызыләскер	25								25				
9	Жамбыл	12									12			
10	Шарбақты	23										23		
11	Қызылағаш	9											9	
	Барлығы:	181	30	16	21	13	5	6	21	25	12	23	9	

Аудан әкімдігінің
2008 жылғы желтоқсандағы
"Лебяжі ауданының шақыру
учаскесінде 1992 жылы туған

азаматтарды жүргізу туралы" тізімге N 37 алуды шешіміне
2 қосымша

**2009 жылдың қаңтар айынан наурыз айына дейін
Лебяжі ауданының шақыру учаскесіне тізімге алынатын
1992 жылы туған азаматтарды зертханалық және
рентгенологиялық тексеруден өткізудің кестесі**

N р/ н	Селолық округтерінің атаулары	азаматтардың саны	Зертханалық және рентгенологиялық тексеруден өткізудің мерзімі										
			19. 01. 200 9ж	20. 01. 200 9ж.	21. 01. 200 9ж	22. 01. 200 9ж	23. 01. 200 9ж	26. 01. 2009 ж	27. 01. 200 9ж	28. 01. 2009 ж	29. 01. 2009 ж	30. 01. 200 9	28. 01. 200 9ж
1	Лебяжі	32	30										
2	Шақа	16		16									
3	Майқарағай	21			21								
4	Малыбай	13				13							
5	Қазы	5					5						
6	Восточный	6						6					
7	Ямышев	21							21				
8	Қызыләскер	25								25			
9	Жамбыл	12									12		
10	Шарбақты	23										23	
11	Қызылағаш	9											9
	Барлығы:	181	30	16	21	13	5	6	21	25	12	23	9